



Субсидия беру жүйеленеді

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен ауыл шаруашылығындағы ақпараттық жүйелердің мәселелері мен даму әлеуеті қаралды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауов ауыл шаруашылығы тауа-

деді.

Фермерлерден субсидия төлеу үдерісінің ұзаққа созылуына байланысты келіп түскен көптеген өтінішті ескере отырып, вице-премьер ауыл шаруашылығы министрлігіне СМАЖ жүйесінде жылға бөлінген қаржы шеңберінде субсидия төлеу өтінімдерінің электрондық ке-

үкімет» корпорациясымен бірлесіп, бес түрлі мемлекеттік қызметті кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспары әзірленді: қайта тіркеу, есептен шығару, нөмірлік белгілерді алу, ауыл шаруашылығы техникасы туралы деректерді өзектендіру, кепілдер туралы анықтамалар беру.

Кеңесте өсімдік шаруашылығындағы бақылау жүйесін (ӨШБЖ) енгізу барысы да қаралды. Жүйе астықпен жасалатын операцияларға – егістік алқабынан бастап дайын өнімге дейін бағытталған. Ол оның сақталуы мен сатылу жолын, экспорттық операцияларға дейінгі үдерістерді қадағалауға мүмкіндік береді. Ұқсас тәсіл ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттау кезінде де қолданылады, бұл «көп-еңкелі» схемаларды жоюға көмектеседі.

«Биыл жыл басынан бастап Ақмола облысында жүйені тестілеуге арналған қанатқақты жоба іске қосылды. Онда пайдаланушылардың авторизациясы мен жүйемен жұмыс істеу функционалы қамтылған», деп атап өтті вице-министр.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлеріне арналған оқыту іс-шаралары өткізілді. Қазірде қанатқақты жобаға 100-ден астам адам қатысуда, олардың қатарында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, сақтау және сату процесімен айналысатындар бар. Жүйені республика бойынша іске қосу биыл қыркүйек айына жоспарланған.

Егіс алқаптарының нақты көлемі, өңделген жерлер мен өнім жинау туралы деректерді алу мақсатында ӨШБЖ жүйесінде «Қазақстан ғарыш сапары» АҚ әлеуеті пайдаланылатын болады.

рын өндірушілерге субсидия төлеу үшін қолданыстағы Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі (СМАЖ) негізінде бірыңғай салалық цифрлық платформа құруды ұсынды.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта фермерлер субсидияларды үш түрлі мемлекеттік органнан және үш түрлі ақпараттық жүйе арқылы алып отыр: АШМ, СИМ, ал жақын арада ЦДИАӨМ-де фермерлерге интернет пайдалану бойынша субсидиялау жүйесін іске қосу жоспарланып отыр. Әртүрлі жүйеде жұмыс істеу пайдаланушылар үшін қиындықтар туғызуда. Вице-министр барлық жүргізілген және аяқталып жатқан интеграцияларды ескере отырып, Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі (СМАЖ) АӨК саласындағы барлық қызметтерге субсидия берудің бірыңғай салалық платформасы болуға дайын екенін мәлім-

зегін қалыптастыру мүмкіндігін іске асыруды тапсырды. Жаңа жаңартулар мемлекет тарапынан фермерлерді қолдауға бөлінген жылдық бюджетті автоматты түрде есептеп, келесі кезеңге кезек қалыптастырып отыруға тиіс. Бұл ретте биылға қарыз қалдырылмайды.

Тағы бір маңызды цифрлық жаңалық – ауыл шаруашылығы техникасын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бірыңғай цифрлық платформасында («ХҚО 2.0» АЖ) есепке алу жүйесін енгізу. Бұл ауыл шаруашылығы техникасын арнайы ХҚО-ларда тіркеуге мүмкіндік береді.

«Өткен жылы Алматы мен Қостанайда «ХҚО 2.0» АЖ әзірленген функционалында машиналарды бастапқы тіркеу бойынша қанатқақты жоба сәтті іске асырылды, деді Б.Бекбауов.

«Азаматтарға арналған



Мемлекет басшысы Шымкент жұртшылығы алдында сөз сөйледі

Президент Конгресс-холға жиналған жергілікті қауым алдында сөйлеген сөзінде шаһарға жұмыс сапарымен арнайы келгенін, шырайлы Шымкент еліміз үшін өте маңызды қала, тарихы терең қастерлі мекен екенін атап өтті.

«Халқымыз Шымкентті шырайлы шаһар деп атайды. Расында бұл жердің ауа райы да, адамдары да өте керемет, ерекше деп айтуға болады. Қала тұрғындары өте еңбекқор, таза, іскер азаматтар. Осы жерде отырған әр азаматтың еңбегі мол. Мен баршаңызға шын көңіліммен ризашылығымды білдіремін. Көне шаһар тоғыз жолдың торабында тұр. Ұлы Жібек жолы кезінде осы аймақтан өткені белгілі. Шымкентте ерте заманнан бері сауда-саттық өркен жайды, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің ізі қалды. Бұл керуеннің көші әлі де үзілген жоқ. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі осы қаланы басып өтеді. Күре жолдың арқасында шаһардың стратегиялық маңызы арта түсті. Менің бірер жыл бұрын Шымкент халқымен кездескенім естеріңізде болар. Сол кезде айтқан сөзімді тағы да қайталап өткім келеді: «Береке дегеніміз – экономика, ал ынтымақ дегеніміз – саясат». Шын мәнінде, осы екі құндылық елімізді алға бастайды. Мұны Шымкенттің бүгінгі келбетіне қарап айтуға да болады. Шаһар жыл өткен сайын қарыштап дамып келеді. Көптеген өндіріс орындары ашылып жатыр. Менің тапсырмаммен бірнеше әлеуметтік нысан салынды. Атап айтқанда, Конгресс-холл, екі Оқушылар сарайы, 11 жайлы мектеп бой көтерді. Айтпақшы, Шымкенттің бір топ азаматы Конгресс-холды «Tulip Hall» деп атамай, бұл ғимаратқа «Қызғалдақ сарайы» немесе «Қызғалдақ» деген атауды беру жөнінде ұсыныс айтып жатыр. Меніңше, орынды пікір, келісуге болады. Олай болса, сарайдың атауы «Қызғалдақ» болсын. «Қызғалдақ сарайы» деген сөз ұзаққа созылмай, Былтыр қалада жалпы аумағы 1,3 миллион шаршы метр болатын тұрғын үй салынды. Металлургия, құрылыс саласы, азық-түлік өндірісі қарқынды дамып жатыр. Былтыр қала экономикасы 11 пайызға өсті. Шымкентте 300-ден астам инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде 9 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Тек былтырдың өзінде қалаға 770 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартылған», деді Мемлекет басшысы.

Президент халық арасында Шымкентті «кәсіпкерлердің отаны» деп атайтынына назар аударып, қала экономикасының жартысынан көбі 140 мыңға жуық шағын және орта бизнес нысанының еншісінде екенін жеткізді.

«Мегаполистің демографиялық өсімі де жоғары. Табиғи өсіммен бірге, мұнда көшіп келіп жатқандар көп. Осының өзі қаланың тіршілікке қолайлы, болашағы зор екенін көрсетеді. Бірақ бақылаусыз көші-қон, яғни, миграция тиісті техникалық және әлеуметтік инфрақұрылымға әсер етеді. Мұны да ұмытпауымыз керек. Әрине, Шымкент мен жаңа айтып өткен табыстың бәріне, ең алдымен, еңбекқор, іскер әрі ұйымшыл халқының арқасында жетіп отыр. Қазіргі алмағайып заманда бұл қасиеттер әр азаматтың бойынан табылуы керек деп санаймын», деді Мемлекет басшысы.

Балалар қауіпсіздігі іс-шаралары пысықталды

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринның төрағалығымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көмекке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне арналған жиын өтті.

Басқосуға Алматы қаласы, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстары әкімдерінің орынбасарлары, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің, Бас прокуратураның басшы-

лығы және Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қатысты.

Жиында Бас прокурордың орынбасары Жандос Өмірәлиев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева баяндама жасады. Олар бала құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелеріне тоқталды.

Осыған орай Мемлекеттік кеңесші балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігіне аймақ басшылығы баса мән беріп, бұл істі тұрақты бақы-

лауға алуы қажет екеніне назар аударды.

Сонымен қатар жергілікті жерде басшылардың қатысуымен осындай жиындар тұрақты түрде өткізілетінін атап өтті.

Ерлан Қарин бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра беруді және тиісті іс-шараларды пысықтауды тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылдың 04 мамырына тағайындалған Шолаққорған ауылдық округінің әкімі лауазымына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары және сайлаушылармен кездесу кестесі

Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
Шолаққорған ауылдық округі бойынша		
Абай елді мекені	15.04.2025 сағ. 10:00	«Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі»
Балдысу елді мекені	15.04.2025 сағ. 11:00	«Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі»
Қарабұлақ елді мекені	15.04.2025 сағ. 12:00	«Қарабұлақ» шағын жинақты бастауыш мектебі»
Жеткіншек елді мекені	15.04.2025 сағ. 15:00	«Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі»
Шолаққорған елді мекені	16.04.2025 сағ. 11:00	«Мыңжылқы» Мәдениет сарайы

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

қ/с	Белгіленген орындар
1	Шолаққорған ауылдық округі бойынша
2	Шолаққорған ауылдық округі, Абай ауылы, Абай көшесі, 14 А, «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» ғимаратының жанында
3	Шолаққорған ауылдық округі, Балдысу ауылы, Балдысу көшесі, 56, «Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» ғимаратының жанында
4	Шолаққорған ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Қарабұлақ көшесі, 21А, «Қарабұлақ шағын жинақты бастауыш мектебі» ғимаратының жанында
5	Шолаққорған ауылдық округі, Жеткеншек ауылы, Жеткеншек көшесі, 8, Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратының «Жеткеншек» бастауыш мектебінің ескі ғимаратының жанында
6	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы-2 көшесі, 72, «А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі» ғимаратының жанында
7	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Әлия Молдағұлова көшесі, 59, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Созақ аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» ғимаратының жанында
8	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 5, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ғимаратының жанында
9	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі-2, 28, «Ертөстік бөбекжай-балабақшасы» ғимаратының жанында
10	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Абылай хан көшесі, 1, «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі» ғимаратының жанында
11	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Абылай хан көшесі, 3, «А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі» ғимаратының жанында
12	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек Қожанов көшесі, 1А, «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» ғимаратының жанында
	Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Тоқпанбетов Созақбай көшесі, 1А, «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» ғимаратының жанында

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



Аудан тұрғындарымен кездесіп, өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады

Өңір басшысы Нұралхан Көшеровтің облыс тұрғындарымен кездесулері және жеке қабылдаулары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Облыс әкімінің кезекті кездесуі Созақ ауданында жалғасты. Жергілікті тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, өз кезегінде түйткілді мәселелердің шешу жолдары қарастырылды.

Ең алдымен шежірелі Созақ өлкесінің өнеркәсіптік әлеуеті жоғары екенін айтқым келеді. Себебі Қаратау бұрайы пайдалы қазбаға бай. Ел көлемінде уран өндірісі бойынша көш керуенін созақтық тұрғындар, өздеріңіз бастап тұрсыздар. Ауданның дамуы жолында бірлесіп жұмыс атқаруымыз керек. Бүгінде Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, аудан, қала тұрғындарымен жүздесулер ұдайы өткізіліп, мәселелерді шешу жұмыстарын жүргізіп келеміз. Сондықтан көкейтесті мәселелерді ашық айтып белсенді болуға шақырамын. Өткен жылы «Ауыл– Ел бесігі» жобасымен ауданға қарасты 5 елді мекенде жалпы саны 12 жоба іске асқан. Оның ішінде 25 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Шолаққорған ауылында спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде, биыл ел игілігіне беру

жоспарда бар. Ал «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында биыл 25 маманға 9,8 млн.теңгеге бір реттік көтерме жәрдемақы берілсе, 9 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 76,6 млн.теңге беру жоспарлануда. Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында өсім байқалады. Ауданның жалпы өңірлік өнім көлемі 15,3 пайызға өскен. Өнеркәсіп саласы бойынша өнім 15,8 пайызға артқан. Созақта өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, салаларында оң нәтиже бар. Ауданға тартылған инвестиция көлемі өткен жылы 240,4 млрд. теңгені құрады. Ауданның кезекті даму көзі – ауыл шаруашылығы саласы. Жалпы ауданда ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстары атқарылған. Алайда жоспарды толық орындамаған ауылдар да жоқ емес. Бұл бойынша жергілікті ауыл әкімдері жүйелі жұмыс жүргізу тиіс. Кемшіліктер де аз емес, аталған түйткілдер шешілмесе өлкенің дамуына кері әсерін тигізеді. Сол себепті мен жауаптыларға айтылған мәселелер тәжірибеге тиянақты жұмыс жүргізуді міндеттеймін. Шолаққорған ауылында 900 орынға шақталған «Жайлы мектеп» салынуда. Білім ошағын биыл мамыр айында пайдалануға беру көзделуде.

Жоба құны 6,7 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар заманауи үлгідегі спорт кешенінің құрылысы биыл мамыр айында аяқталып, ел игілігіне беріледі. «Ауыл–Ел бесігі» жобасы аясында 4 жоба іске асып, жалпы 12 көше орташа жөндеуден өтуі үшін тиісті қаржы қаралды. Бүгінгі күннің ауқымды мәселесі «Таза Қазақстан» экологиялық шарасы атқарылуда. Бұл уақытша науқан емес. Аталған маңызды жоба жыл бойы өз жалғасын табады. Сондықтан тұрғылықты мекенімізді таза ұстау негізі міндет деп білемін. Жергілікті тұрғындарды тазалық шаралары мен көгалдандыру жұмыстарына

белсене қатысуға шақырамын. Бүгін тұрғындар көтерген мәселелер бюджетке сәйкес кезек-кезеңімен орындалады, – деген Нұралхан Көшеров мамандарға ауданның әлеуетін көтеру бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мәжілісте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар мен биылғы жоспарлар легімен бөлісті.

Өткен жылы аудан аумағын абаттандыру мақсатында «Үлгілі ауыл» облыстық байқауы ұйымдастырылып, Жартыөбе ауылдық округі жүлделі 3-орынға жайғасты. Нәтижесінде мұнда streetworkout балалар алаңының құрылысы басталып, биыл мамыр айында пайдалануға берілмек.

Кездесуден соң Нұралхан Көшеров тұрғындарды жеке қабылдап, мәселелерін тыңдады. Айтылған өтініштер бойынша тиісті жұмыстар қолға алынды. Айта кетейік, облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің облыс тұрғындарымен кездесулері барлық аудан, қалада жалғасады. Жеке қабылдауға «eOtinish» бірыңғай базасы арқылы немесе «Ашық әкімдік» кеңсесіне келіп, жазбаша өтініш тастау арқылы жазуға болады.



ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

Өткен аптаның соңғы күні аудан әкімдігінің төменгі мәжіліс залында Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңес мүшелері отырысын Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Қоғамдық Кеңес отырысына ҚР «Қоғамдық Кеңес туралы» заңының 7-бабының 6-тармағына сәйкес, шақырумен аудан әкімдігінің тиісті бө-

лім басшылары және БАҚ өкілдері қатысып отырды. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде бір-екі мәселелер қаралды. Ол Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №154 «2025-2027 жылдарғы арналған аудандық бюджет» туралы шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде аудан әкімдігі экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков хабарлама жасады,

«Оңтүстік жарық транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйелері мекемесінің басшысының атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Отырыс барысында кеңес төрағасы М.Сапаров, кеңес мүшелері А.Нысанбаев, Т.Жұмақов, Б.Саржан, М.Назаров есеп беруші мекеме басшысы мен бөлім басшысынан өздерінің және елдің көкейлерінде жүрген сауалдарына жауап алды. Сонымен қатар, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді. Кейбір кемшін тұстарды ауыл,

кент әкімдері мен бөлім басшыларының назарына салу үшін, тез арада түзетуін назарға алды. Мекеме басшысының есебін тыңдау барысында «Оңтүстік жарық транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйелері мекемесінің атқарған жұмыстары негізінде Қоғамдық кеңестің отырысын кеңес төрағасы М.Сапаров қорытындылап тиісінше қарар қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Қызылкөл көлінің аумағында «Жастар Таза Қазақстан үшін!» және «Қоршаған ортаны қорғайық!» атты тазалық акциясы ұйымдастырылды.

Игі шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «Шаңырақ» жастар мен жас отбасыларды қолдау орталығының мүшелері, белсенді жастар мен жергілікті тұрғындар жұмыла қатысты. Қызылкөл маңы мен көлге апарар жол бойы тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. Сондай-ақ қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатында арнайы пластик қалдықтарға арналған қоқыс жәшіктері орнатылды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы:

«Таза табиғат-жарқын болашақтың көпірі. Қоршаған ортаны қорғау-әрбір азаматтың міндеті. Бүгінгі сенбілікке атсалысып, табиғатқа жанашырлық танытқан баршаңызға алғысымды білдіремін. Осындай бірлігіміз бен жанашырлығымыз көпке үлгі болсын!»-деп, қатысушыларға жүрекжарды тілегін білдірді.

Айта кетейік, аталған акция бұған дейін 7-11 сәуір аралығында аудан аумағындағы 12 ауылда өткізіліп, акцияға 972 адам атсалысты.



Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Әкем Валибаев Мардан (Мардаш) 1933 жылы дүниеге келген. Қазақстанда осы жылдары аштық жайлаған, қиын-қыстау кезең болды. Голощекин бастаған озбырлардың сұрқия саясатының кесірінен халық аштыққа, жұтқа ұшырап жатқанда, бір жағынан жазықсыз қудалау жүріп жатты. Отбасындағы бес адам бір ешкінің сүтімен күн көрген екен. Әкеміздің балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келіп, «соғыс балалары» атанған өзінің қатарлары сияқты балдәурен күндерін қара жұмысқа, колхоз жұмысына жегіліп ерте есейеді. Өмірдің қиындығын көргендіктен шығар, соғыс балалары еңбекпен ерте есейген. Осыдан да болар, әкем мектепте оқуға өте зерек болған. Көркем жазу қолтаңбасы өте көркем, әрбір жазған әрпі көз сүйсінерліктей еді. Құдды тасқа басқандай. Сонымен қатар техникаға бала кезден әуес болған. Кішігірім техникалар мен арбаларды да өзі жөндеп, түзетіп ала береді екен. Пайка жасау тағы басқаларды да меңгеріп алған. Осы техникаға әуестік қасиеті оны болашақта инженер болсам деген арманға жетелейді. Ауылда 7 кластық мектепті бітірген соң арман арқалап Ташкент қаласына жол тартады. Ол кезде қазіргідей қаптаған техника көлік түрлері жоқ. Түркістан қаласына жұмыстарымен бара жатқан бір топ адамға ілесіп жаяулатып Жамантас асуымен таудан асады. Үстілерінде жөнді киім де жоқ. Бір топ адамның ортасында 2-3 есек болғанға ұқсайды. Артық ауыс жүктерін соларға артып алады екен. Әкем сол уақытта 13-14-тегі бала екен. Оқуға деген құштарлықтан қандай қиындық болса да жеңген сияқты. Сонда деймін-ау соғыстан кейінгі уақыт, ел әлі тойына қоймаған кез, ит-құс, жол торуылдаушылар көп. Қазір ойлап отырсам атамыз бен әкеміз қолдарындағы 13 жасар жалғыз баланы қорықпай қалай жіберді екен? Негізінде әкеміз екі ағайынды болған. Алдында өзінен 11 жас үлкен әпкесі болған. Ол әпкесін 16 жасында тұрмысқа берген. Әкем оқуға барарда әпшесі басқа үйдің түтінін түтетіп балалы-шағалы болып үлгерген. Меніңше оқимын деп талаптанып тұрған баланың бетін қайтармай, оқып адам болуын, өмірден өз орнын табуын ойлаған болса керек. Әрине ол кезде кадр маман тапшы. Майда ауылдарды біріктіріп колхоздарды ірілендіріп жатқан кез. Білімді жастар керек. Әсіресе техникалық мамандар. Өйткені біртіндеп ауыл - ауылға трактор, машина, комбайн, соқа, сияқты техникалар келе бастады. Сонымен жол қиыншылықтарын жеңе отырып Түркістан қаласы арқылы Ташкентке келгесін жаяулатып, сұрастырып жүріп совхоз техникумды тауып алады. Бұл соғыс енді аяқталып ел әлі ес жия қоймаған кез екен. Соғыс зардабы әлі кетпеген, қарын тоя қоймаған уақыт. Ауылдан жолда талғажау ететін талқан мен құрт салынған шағын дорбамен шыққан. Ташкентке келгенде дорбаның түбі көріне бастайды. Жолы болып техникумның ауыл шаруашылығын механикаландыру бөліміне оқуға түседі. Жатаққанадан орын тиіп жақсы орналасады. Бірақ Ташкенттеде әлі тоқшылық бола қоймаған кез. Бұл енді соғыстан кейінгі 1946-47 жылдардың тұсы екен. Нан грамдап өлшеп беріледі. Бір стакан шаймен бір тілім нан дегендей. Бір жақсысы бір уақыт ыстық тамақ беріледі екен. Ішінде көп қоюы болмаса да, бірер түйір картоп, анда-санда 1-2 түйір ет те болып қалады екен. Көп шәкірттер осы кезде қиындықтарға шыдамай оқуларын тастап ауылдарына қайтып кеткен. Әкеміз тойып тамақ ішпесе де, ашқұрсақ жүрген күндері болса да, алға қойған мақсатына жету үшін, қиындықтарға төзе білген. Техникумда оқып жүргенде өзінің зеректігімен көзге түсе бастайды. Әсіресе сызу пәнінен басқа балалар қиналып жүргенде,



АСҚАР ТАУЫМ-ӘКЕМ

әкеміз қиын деген сызбалардың өзін жақсы меңгеріп алады. Сызу пәнінің мұғалімі әкеміздің еңбегін жоғары бағалап «техникумды бітірген соң мүмкіндік болса, жоғары оқу орнына түсіп ал» деп кеңес береді. «Ғылым жағына кетсең мүмкін ғалым болып та шығарсың» дейді. Жоғарыда айттып өткенімдей әкеміздің жазған жазулары тасқа басқандай әдемі болғандықтан жетекшілердің толтыратын іс қағаздары әкеміздің қолынан өтетін болған. Кейіннен тіпті техникумның атынан жоғарыға жіберілетін қағаздарды да әдемі болу үшін әкеміз толтырып береді екен. Машинаның өзі тапшы кезі ғой. Сонымен техникумды ойдағыдай бітіріп, жоғары оқу орнына түсуге білімі мен мүмкіндігі болғанымен ауылдағықарт ата-анасын ойлап ауылға қайтады. Атамыз сол кезде 60-қа табан тіреп, әкеміз 50-ді алқымдап қалған екен. Үйге отынсу, қолдағы азын аулақ малға жем-шөп керек дегендей әке-шешесіне қарау керектігін ойлайды. Атамыз сол кезде құмнан түйемен мектепке, кеңселерге отын тасиды екен. Оларды кірекеш деп айтады. Бұл елуінші жылдардың бас кезі екен. Техника тапшы, машина тракторлар аз кезі ғой. Жас маман ауылға келген соң бірден механик болып жұмысқа қабылданып еңбек жолын бастайды. Атамыз ертерек дүниеден өтіп кейін әкеміз бізге әңгімелеп отыратын. Әкеміз жас болса да тыным таппай еңбек етеді екен. Сол кездің өзінде түз адамы болған. Кейде үйге қонбай қай жерде науқандық жұмыстар жүріп жатса соның басы қасында жүрген. Бірде бір үлкен кісі: «Балам-ау, мына техника жарамай, қатып қалды», - десе керек. «Көке-ау күнге майлай бергенсің ғой» депті. Ана кісі ақталып, «балам сенсең ешуақытта майлаған емеспін» деп өзін ұстап берген екен. Уақытымен майлап техникалық қызмет көрсетпегесін, подшипниктері төгіліп кеткен ғой. Әкеміздің табан астында келістіріп айтатын осындай әзілі мен тапқырлығы бар еді. Кейде ұрсып жатпай-ақ, әдемі әзілмен жеткізетін. Әзілді жақсы көретін. Жиындарда саясат болсын, жалпы әңгіме болсын ұйытып мақал-мәтелдеп сөйлеп, жұртқа өзін тыңдата алатын. Іскерлігі мен белсенді жұмыстары аудан басшылығының назарына ілініп жас маман партия қатарына қабылданады. Және кадрлық резервке қойылады. Ол кезде кадр резерві деген бар. Бұдан кейін қай жерде еңбек етсе де партия ұйымының хатшысы қызметін қоса атқарды. Жасы жиырмаға толғанда атамыз бен әкеміз ертерек немере көргісі келіп, әкемізді үйлендіреді. Анамыз сол кезде 17

жаста болған. Бір жылдан соң атамыз бен әкеміз немерелі болған. Олар немерелерін бауырына басқан. Немересін әкеміз емізгенде құдайдың құдіреті елуден асқан шағында емшегінен сүт шығып кеткен екен. Соншалық немереге деген мейірімі ғой. Әрі Алланың бергені-жалғыз баланың ізін жалғаушы. Әкеміз партияның солдаты болды десек те болады. Әрдайым өз борышын адал, мүлтіксіз орындады. Тапсырылған істі тиянақты орындау оның басты ұстанымы болатын. Және де қол астындағылардан да осыны талап ететін. Бұрынғы Энгельс атындағы совхоз жаңадан құрылғанда аудандық партия комитеті сенім артып бас инженер етіп жібереді. Сол кезде әкеміздің жасы небәрі жиырма бесте болған. Техника тапшы, адам күші жетіспейді, жаңадан ұйымдасқан шаруашылық. Бірақ әкеміз жастығына қарамастан қолдағы бар техниканы дұрыс пайдаланып, техникалық жөндеу жұмы-

руашылықтарында елдік мәселелерді де көтере білді. Ауыз су, көпір, жол мәселесі дегендей. Әкем қазақ халқына үнемі алғысын жаудырып:

-Көбіне шетте жүріп еңбек еттім. Еш жерде, ешкім кеудемнен итерген жоқ. Қайта үнемі төріне оздырды. Сый құрметтерін көрсетті, - деп шексіз ризашылығын айтып отыратын. Әкеміздің берген тәрбиесі, талап қойғыштығы, еңбекке баулуы, бізге өмірлік сабақ болды. Ол кісі әсіресе өтірікке жаны қас болатын. «Шыншыл болыңдар, өтірік айтпаңдар!» деп үнемі айтып отыратын. Иә, шынымен де «өтіріктің құйрығы бірақ тұтам» екенін өмірден көріп келеміз. Кітап оқуды жақсы көретін. Үйде үлкен бай кітапханамыз болды. Ішінде әдеби кітаптар, өзінің мамандығына байланысты техникалық кітаптар, сөздіктер, тіпті дүние жүзі классиктерінің кітаптары, сирек кездесетін кітаптар болатын. Мерзімдік басылымдармен қоса «Жұлдыз» журналын үнемі жаздырып алып

оқитын және сақтап қоятын. Әкем қалаға қатынағанда үнемі кітап арқалап келетін. Ол кісілердің заманы, балалық шақтары қиыншылықпен өтіп, оқуға деген құштарлықтан да шығар. Әкеміз арнаулы техникалық білімімен-ақ онбес жылдай механик, бас инженер қызметтерін атқарды. Кейін Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны жақсы бағаға бітіріп шығады. Сөйтіп техникумнан кейін ата анасына қарайласамын деп оқи алмай қалған, армандаған оқуын ақыры бітіріп алды. Адам ниет етсе, талаптанса, еңбектенсе өзі қалаған арманына жетуге болады екен ғой. Сол өзі қалаған оқуын аяқтап, соның нанын жеді. Сол жолда адал еңбек етті, бала-шаға бақты. Әкеміздің әрдайым еңбектері жоғары бағаланып, совхоз аудандық партия комитеттерінің, кәсіподақ ұйымдарының алғыс хаттарымен түрлі марапаттарын алып отырды. Мерзімдік басылымдарда аудандық, облыстық газеттерде әкеміздің жақсы жақтарын айтып мақалалар шығып тұратын. Бас инженерлер арасында өтетін конкурс, байқауларда үнемі жүлделі орындарды алып отырды. Кәсіптік-техникалық училищеде істеп жүрген кезінде трактор, ауыл шаруашылығы техникаларын қолдан құрастырып, іске шәкірттерін баулыды. Бұл техникалар кейін түрлі көрме, байқауларға училище атынан қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрді. Көп адам әкеміздің адалдығынан турашылдығынан сескене-тін. Қай жерде қызмет істесе де партия ұйымдарын басқарды. Талапшыл болды. Қоғам мүлкін көзінің қарашығындай сақтады. Анамыз Валибаева Майса екеуі жеті ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Бәрімізді оқытты, қатарларымыздан кем қылмай мәпелеп өсірді. Ең бастысы өмірде біздерге тура жол көрсете білді. Өмірлерінің соңына дейін айтқан ақ тілектері адам болыңдар, кісінің ақысын жемендер, өтірік айтпаңдар, еңбек етіңдер, -деумен болды. Әкеміз 2002 жылы 69 жасында, анамыз 2022 жылы 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Екеуі де Алладан тілеген барлық тілеулерін беріп жылы күндерде, ораза айларында, бала шағасының алдында, ес ақылдарын жоғалтпаған күйлері мәңгілік сапарларына жол тартты. Жатқан жерлері жаннат болып, пейіште нұрлары шалқысын, имандары өздеріне серік болсын.

Ахмет ВАЛИБАЕВ,
перзенті,
Созақ ауылдық ардагерлер
кеңесінің мүшесі.

Қазіргі қоғамның сұранысы мен даму тенденцияларын ескере отырып, діни білімді алу мәселесі де маңызды сұрақтардың біріне айналды. Әсіресе, діни білім алу үшін шетелдерге бару қажеттілігі көп талқыланатын тақырыпқа айналғаны белгілі. Бұған дейін діни білім алуда шетелдердің оқу орындарына бару қажеттілігі туралы пікірлер болды, алайда қазіргі таңда бұл қажеттілік айтарлықтай азайып, діни білімді өз елімізде де алуға болатындығы нақты дәлелденіп отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде діни сенім бостандығын қамтамасыз етумен қатар, дін саласындағы мемле-

діни ақпарат беріп, теріс ағымдардың таралуына қарсы күрес жүргізеді. Бұл жүйе қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамның тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Сол себепті, діни білімді өз елімізде алу – қауіпсіздік пен тұрақтылықтың кепілі.

Шет елде діни білім алу қажеттілігі дәстүрлі түрде болып келгені рас. Алайда, Қазақстандағы діни білім беру сапасының артқанын ескерсек, шет елдерде діни білім алу қажеттілігі едәуір азайған. Қазіргі таңда елімізде де халықаралық деңгейде білім алған теолог мамандар дайындалып жатыр. Мұның өзі діни білімді өз

Діни білімді шетелде алуда мұқтаждық жоқ

кеттік саясатты жүйелі түрде жүргізуде. Діни білім алу мәселесі де осы саясаттың маңызды бөлігі болып табылады. Кейбір азаматтар шетелдік діни оқу орындарында білім алуды жөн санаса да, бұл шешім әрдайым оң нәтиже бере бермейді. Керісінше, діни білімді өз елімізде алу ұлттық қауіпсіздікке, қоғамның тұрақтылығына және дәстүрлі рухани құндылықтардың сақталуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының негізінде мемлекет пен діннің ара-жігі ажыратылған, яғни мемлекет зайырлы қағидаттарды басшылыққа алады. Бұл қағидаттар әрбір азаматтың діни сенім бостандығын қамтамасыз етумен қатар, радикалды діни ағымдардың таралуына жол бермеуді көздейді. Мемлекет діни сенімдерді саяси мақсатта пайдалануға, діни араздық тудыруға және радикалдануға қарсы нақты шаралар қабылдауда. Осы орайда, мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастарды нығайту, дәстүрлі діни құндылықтарды сақтау және зайырлы білім жүйесін дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстанда діни білім беру жүйесі мемлекеттік бақылауда дамып, жастардың діни сауатын арттыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда елімізде бір діни университет «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті және 9 медресе-колледж жұмыс істейді. Бұл оқу орындары дәстүрлі ислам құндылықтарын дәріптеп, экстремизм мен радикализмнің алдын алуға ықпал етіп келеді.

Радикалды идеология көбінесе діни сауатсыздықтың салдарынан таралады. Дінді терең түсінбеген адамдар жалған ағымдардың ықпалына оңай түсіп, қоғамға қауіп төндіруі мүмкін. Қазақстандағы ресми діни оқу орындары бұл мәселенің алдын алуға көмектеседі:

-Ханафи мазхабы мен Матуриди сенім мектебін үйретеді

Діни оқу орындарында жастар исламның дәстүрлі жолын, оның қазақ халқының мәдениетімен сабақтастығын терең түсінеді. Бұл радикалды идеялардың таралуына тосқауыл қояды.

-Құқықтық және зайырлылық қағидаттарын оқытады

Оқу барысында студенттер Қазақстан заңнамасын, зайырлылық принциптерін меңгереді. Бұл оларды радикалды идеологиядан қорғап, елдің тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

-Ресми дін қызметкерлері мен теологтарды дайындайды

Қазақстандық діни оқу орындарын бітірген мамандар мешіттерде, медреселерде, білім беру және ғылыми орталықтарда қызмет атқарады. Олар халыққа дұрыс

елінде де алуға болатынын көрсетеді. Өкінішке қарай, кейбір шетелдік діни оқу орындарында радикалды көзқарастарды насихаттау ықтималдығы жоғары. Шетелде діни білім алуға кеткен қазақстандықтардың арасында жат идеологияны қабылдап, радикалды топтарға қосылған азаматтардың болғаны да белгілі. Бұл өз кезегінде елдегі діни ахуалға кері әсерін тигізуі мүмкін. Алайда бұл бірнеше қауіп төндіреді:

1.Радикалды идеологияның ықпалына түсу қаупі

Кейбір шетелдік діни оқу орындары Қазақстанның дәстүрлі исламдық жолына сай келмейтін идеологияны насихаттауы мүмкін. Мұндай білім алған жастар елге оралған соң радикалды көзқарастарды таратуы мүмкін.

2.Елдің діни саясатына қайшы білім алу

Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, мұндағы діни білім беру жүйесі елдің заңдарына, ұлттық құндылықтарына сай жүргізіледі. Ал шетелдегі кейбір оқу орындарында бұл ерекшеліктер ескерілмейді.

3.Жергілікті діни кадрларды қолдау қажеттілігі

Қазақстандағы діни оқу орындары жеткілікті деңгейде дамыған. Олар білікті мамандар даярлап, көз келген діни сұрақтарға жауап бере алады. Сондықтан жастардың шетелге кетуінің еш қажеттілігі жоқ.

Бүгінгі таңда ғаламторда түрлі діни материалдар еркін таралып, радикалды ағымдардың идеологиясы жастарды өз ықпалына алуға тырысып жатыр. Осыған байланысты мемлекет интернет-кеңістікте деструктивті ағымдардың ықпалын шектеуге бағытталған шараларды күшейтуде. Қазақстанда діни білім алу мүмкіндіктерінің жеткілікті екенін ескере отырып, жастарды шетелдік діни оқу орындарына жіберудің қажеті жоқ екендігін түсіндіріп кеңінен насихаттап келеді.

Қазақстандағы діни оқу орындары тек имамдар мен дінтанушыларды ғана емес, сонымен қатар қоғамға пайдалы, рухани әрі зайырлы құндылықтарды бойына сіңірген азаматтарды тәрбиелейді. Олар радикалды ағымдармен күресте маңызды рөл атқарып, жастардың діни сауатын арттыру арқылы елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға өз үлесін қосады. Сондықтан діни білім беру жүйесін одан әрі дамыту және оның сапасын арттыру – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Н.ӘБУХАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Заманауи мұсылман жастарының сын-қатерлері

Қазіргі заманғы мұсылман жастары өздерінің дінін сақтап, дәстүрлерін ұстану жолында көптеген сын-қатерлермен кездесуде. Әлемдік жаһандану, ақпараттық ағымдар мен өзгеріп жатқан әлеуметтік орта мұсылман жастар үшін бірқатар қиындықтар мен мәселелер туғызуда.

Қазіргі таңда мұсылман жастары көп жағдайда дін мен дәстүрдің арасында таңдау жасауға мәжбүр. Кеңес одағының құлағаннан кейінгі кезеңде ислам діні өзекті мәселеге айналды, бірақ дін мен дәстүрді қалай үйлестіру керектігі туралы сұрақтар әлі күнге дейін жауапсыз. Қазіргі заманның талаптарына сай өмір сүріп жатқан жастар үшін дін мен дәстүрді бір-бірімен үйлестіре білу – үлкен қиындық тудырады.

Дәстүрлі ислам құндылықтарын ұстанған жастар көбіне өз өмірінде діни нормаларды сақтау мен заманауи өмірді қатар алып жүруге тырысады. Бұл мәселеде көбінесе қала мен ауыл арасында айырмашылықтар да бар. Мысалы, ауылдық жерлерде діни құндылықтарды сақтау қалыпты жағдай болса, қалаларда жастар арасында жаңа идеялар мен өмір сүру үлгілері көп болғандықтан, олар үшін дін мен дәстүр арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың қиындығы артады.

Жастардың осы екі маңызды құндылықты үйлестіру барысында кездесетін қиындықтары – әлеуметтік қысым, жұмыс орнында киім мәселесі, діни қызметті өз дәрежесінде орындау мүмкіндігінің болмауы және т.б. Әсіресе жастардың діндарлықтары мен қоғамдық өмірге бейімделуі арасындағы қайшылықтар олардың психологиялық күйін өзгертіп, әлеуметтік оқшаулануға әкелуі мүмкін.

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы жастардың діни ұстанымдарына үлкен әсер етеді. Әлеуметтік желілер мен интернеттің ықпалы мұсылман жастарына өте күшті. Мұсылман жастары өздерінің діни көзқарастарын білдірумен қатар, басқа идеологиялар мен ағымдардың әсеріне де ұшырайды. Бұл әлеуметтік желілер арқылы жылдам таралатын түрлі ақпараттардың әсері – жастардың діни сенімдеріне нұқсан келтіруі немесе дұрыс емес бағытта ойлауына себеп болуы мүмкін.

Интернеттің теріс ақпарат көздері жастарды түрлі радикалды ағымдарға тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ислам діні туралы жалған ақпараттың таралуы жастардың діни танымдарына кері әсер етуі ықтимал. Олар радикалды топтар мен ағымдарға бейімделуі мүмкін, себебі интернет арқылы түрлі идеологиялар мен ақпараттар өте жылдам әрі кең көлемде таралады.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде діни тақырыптарға қатысты пікірталастар мен ашық қарсы пікірлердің көптігі мұсылман жастарының өздерінің діни түсініктерін бұрмалауға алып келуі мүмкін. Қоғамда қалыптасқан стереотиптер мен діни төзімсіздік кейде жастардың өздері ұстанатын діндерін ашық көрсетуіне кедергі болады.

Мұсылман жастар арасында радикализация қаупі қазіргі уақытта ерекше маңызды мәселе болып отыр. Кейбір жастар өздерінің діни сенімдерін тым экстремистік бағытта ұстануға бейім болады. Олар әлеуметтік әділетсіздік пен жеке мәселелерді шешудің жолы ретінде радикалды діни ағымдарды немесе экстремистік топтарды таңдауы мүмкін. Радикализация, әсіресе әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық және психологиялық күйзеліс сияқты жағдайлармен байланысты.

Бірқатар жастар радикалды идео-

логияларды ұстану арқылы өздерінің әлеуетін сезінуі, «әділетсіз қоғамға» қарсы шығуы мүмкін. Мұндай идеологиялар оларды топқа біріктіріп, қоғамға қарсы бағытта іс-әрекеттер жасауға итермелейді. Аталған мәселе жастардың діни сауатсыздығынан, психологиялық күйзелістен, және олардың қоғамдағы орнын таппағандықтан туындайды.

Радикализацияның алдын алу үшін жастарды діни тұрғыдан дұрыс бағытта тәрбиелеу, оларға шынайы ислам түсінігін жеткізу қажет. Сонымен қатар, жастар арасында дұрыс діни білім беру және қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін мемлекет пен діни ұйымдар бірлесіп жұмыс істейтін жүйе қажет.

Жастар өздерінің діни құндылықтарын сақтап, қоғамда діни нормаларды ұстанған жағдайда стигматизацияға тап болуы мүмкін. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы теріс ақпараттардың әсері мұсылман жастарға деген қоғамдық көзқарасты нашарлатады. Олар қоғамдық ортада діни киім киіп, намаз оқып жүргендерге қатысты теріс көзқарастарды жиі кездестіреді.

Қазақстандағы кейбір жастар, әсіресе қалаларда діни киім киіп немесе діни тақырыптарда ашық сөйлейтіндер, көбінесе қоғамдық қабылдауға қиындықтар туғызып жатады. Бұған діни экстремизм мен радикализмге қатысты қоғамдағы теріс түсініктер де себеп болуда. Мұсылман жастарының кейбірі осыған байланысты өздерінің қоғамнан оқшауланғандай сезінеді, нәтижесінде олар өз діндеріне деген сенімдерін әлсіретіп, әлсіз болып қалуы мүмкін.

Діни кемсітушілік пен стигматизацияның алдын алу үшін қоғамда діни төзімділік, өзара құрмет пен түсіністік қалыптастыру керек. Бұл бағытта білім беру мен ақпараттық жұмыстарды күшейту өте маңызды.

Отбасы мен қоғамның мұсылман жастарының тәрбие мәселесіндегі рөлі өте маңызды. Бүгінгі таңда көптеген жастар дәстүрлі отбасылық тәрбиеден айырылып, көбінесе өздігінен тәрбиеленуде. Бұл өзгеріс көбінесе қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың нашарлауымен байланысты. Отбасыларда өз құндылықтарын сақтауға күш-жігер жетпегенде, жастар сыртқы әсерлерге жеңіліп, теріс ықпалдардың құрбанына айналады.

Бұған қоса, жастар арасында діни білімнің төмендігі және дінге қатысты дұрыс түсініктің болмауы осы мәселелерді күшейтеді. Отбасыларда діни тәрбие берудің маңызы зор. Мұсылман жастарының саналы, дұрыс тәрбие алуы олардың адасқан жолға түспеуінің кепілі болып табылады.

Қорытындылай келе заманауи мұсылман жастары өздерінің діни сенімдері мен дәстүрлерін сақтай отырып, қоғамдық өмірге бейімделу жолында көптеген сын-қатерлермен бетпе-бет келеді. Бұл мәселе қоғамдағы барлық деңгейдегі жұмыс істейтін мамандар мен діни қызметкерлердің назарында болуы тиіс. Діни сауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік, отбасылық тәрбие мен қоғамның ықпалы жастардың дұрыс қалыптасуына, олардың радикализацияға ұшырамауына көмектеседі.

Мұсылман жастары үшін заманауи қоғамда өз дінін ұстану мен дәстүрлерді сақтаудың тиімді жолдарын табу маңызды. Осы мәселені шешу арқылы біз жастардың дұрыс жолмен жүріп, өз қоғамына бейімделуіне мүмкіндік береміз.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлімі басшысы.

Дін мен заңның үйлесімі - бұл қоғамда діни қндылықтар мен заңдардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін маңызды мәселелердің бірі. Әрбір қоғамда дін мен заң түрлі қырларымен көрініс табады және олардың арасындағы баланс түрлі мәдениеттер мен елдерде әртүрлі болуы мүмкін. Дін мен заң арасындағы үйлесім қоғамның дамуына, тұрақтылығына және адам құқықтарының сақталуына ықпал етеді. Діннің моральдық бағыттары мен заңның әділеттілігі қоғамды әлдеқайда

көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Дін мен заң арасындағы үйлесімділігі қоғамның дамуына, тұрақтылығына және адам құқықтарының сақталуына ықпал етеді. Діннің моральдық бағыттары мен заңның әділеттілігі қоғамды әлдеқайда

жағдайлар: Кейбір жағдайларда діннің талаптары мен елдің заңдары арасында қарама-қайшылықтар болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар көбінесе әйелдердің құқықтары, отбасы заңдары, дінсіздіктің заңды статусы сияқты мәселелерде туындайды.

Діни құқықтық жүйелер: Кейбір қоғамдарда діни заңдар мысалы, шарифат мемлекеттің заңдарына параллель ретінде немесе негізгі заң ретінде қарастырылады. Бұл үйлесім діннің адам өміріндегі рөлін көрсетсе де, құқықтық және әлеуметтік

Дін мен заңның үйлесімі

әділетті, бейбіт және тыныш етуге мүмкіндік береді, бірақ олардың арасындағы баланс сақталуы керек.

Дін мен заңның үйлесімі мәселесі терең әрі күрделі мәселелердің бірі. Әр түрлі қоғамдарда бұл екі жүйе арасындағы байланыс әртүрлі тәсілдермен реттеледі. Дін –қоғамның моральдық және этикалық негізін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әрбір діннің өзіне тән ережелері мен қағидалары бар, ал заңдар көбінесе қоғамның ортақ тәртібін сақтауға бағытталған. Алайда, кейде дін мен заң арасында қайшылықтар туындауы мүмкін, себебі заңдар барлық азаматтар үшін бірдей болуы керек, ал діни қағидалар белгілі бір топтардың немесе қауымдастықтардың ғана сеніміне негізделеді.

Қазіргі қоғамда адамдардың діни сенімдерін еркін ұстану құқығы маңызды құқықтық негіз болып табылады. Алайда, кейде бұл құқықтар мемле-

бағытталған. Сонымен қатар дін мен заңның үйлесіміне қатысты бірнеше маңызды аспектілерді қарастыруға болады.

Маңызды аспектілердің бірнеше түрін атап өтсек:

Діни ережелер мен заңдардың үндестігі: Дін өзінің сенім жүйелерін ұстанушыларға белгілі бір моральдық және этикалық нормаларды ұсынады. Заңдар да қоғамдағы тәртіпті сақтап, адамдардың құқықтарын қорғауды көздейді. Көптеген елдерде, мысалы, мұсылман елдерінде, дін мен заңның байланысы өте тығыз болуы мүмкін. Бірақ бұл әр қоғамда әр түрлі деңгейде көрінуі мүмкін.

Құқықтық жүйенің бейтараптылығы: Заманауи құқықтық жүйелердің көпшілігі дінге бейтарап көзқарас ұстанады. Бұл діннің адамның жеке ісі ретінде қарастырылуын қамтамасыз етеді. Мысалы, діннің еркіндігі – көп елдерде азаматтардың негізгі құқығы болып табылады. Әлеуметтік және құқықтық

тұрғыдан күрделі мәселелерді туындатуы мүмкін.

Дін мен заңның үйлесімділігі қоғамның тұрақтылығына және тыныштығына әсер етеді. Дін мен заңның үйлесімі әрқашан оңай шешілетін мәселе емес. Әрбір қоғамда олардың өзара байланысы мен арақатынасы мәдениет, тарих және әлеуметтік жағдайларға байланысты ерекшеленеді. Алайда, олардың үйлесімді болуы қоғамдағы әділеттілік, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау үшін аса маңызды болып табылады.

Қорыта айтқанда, дін мен заңның үйлесімі көбінесе нақты қоғамның дәстүрлеріне, мәдениетіне және даму деңгейіне байланысты болады. Әрбір мемлекеттің өз ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес бұл үйлесімділік әртүрлі түрде көрініс табуы мүмкін.

**Ұ.ТҰРСЫН,
Заңгер маман.**

Жастар қоғамның айнасы

Жастар—болашақтың жарқын айнасы іспетті. Еліміздегі ең елеулі категориялардың бірі болғандықтан, қоғамды дамуға қозғаушы күш болып табылады. Олардың тұрмыс тіршілігін бағдарлау мемлекет үшін маңызды. Себебі, дәл осы жастар мемлекеттің дұрыс қызмет жасауын қамтамасыз ететін буын.

Заманауи жастардың білімі мен кемелді келешегі қазіргі кезде де қоғамды толғандыратын басты мәселеге айналып отыр. Қоғам өз қндылықтары мен мәдениетінің орнын бағалайтын кейінгі ұрпаққа қалдырғысы келеді. Қазіргі қоғамда тамаша тәрбиеленген, қабілетті, бастамашыл, дүниетанымы терең, көкірегі ояу ұрпақ қоғамның басты діңгегі болып тұрады. Сол себепті қазақ мәдениетіндегі адами қндылықтарды жетілдіру, экономикалық өркендеу, даму әлем елдерінің арасынан лайықты орын алу секілді көкейкесті мәселелерді талқыға салған кезде осындай мақсаттарға қол жеткізуде жалынды жастардың шешуші қызмет атқаратынын естен шығаруға болмайды.

Бірақ әлеуметтік-экономикалық мәселелер, жұмыссыздық, қоғамдағы әділетсіздіктер кейбір жастардың психологиялық сынуына әкеледі. Сондықтан көптеген отбасылар осы мәселелер негізінде бұзылады, ал баланың қалыптасу кезінде әр кезең маңызды. Осындай қиын кезеңде балалар оқшауланып, өз-өзіне еніп, психологиялық жарақат алуы ықтимал. Болашақта қоғам өміріне дұрыс бейімделе ал-

маған жасөспірім радикалдың құрығына түсуі әбден мүмкін.

Қазіргі таңда қоғамда NEET санатындағы жастар белең алуда. NEET (Not in Education, Employment, or Training) жастар дегеніміз – білім алмайтын, жұмыс істемейтін және ешқандай кәсіби оқыту бағдарламасына қатыспайтын жастар тобы. Бұл термин көбінесе 15-34 жас аралығындағы азаматтарға қатысты қолданылады, бірақ нақты жас шегіне байланысты әр елде әрқалай өзгеруі мүмкін. Мәселен, көптеген дамыған елде NEET жас аралығы 15-24 жас, ал кейбір елдерде 15-29 жас болса, Қазақстанда бұл шек 2023 жылдың 1 қаңтарынан 15-35 жас болып бекітілді.

жылдың III тоқсанында 6,4%-ды (345,5 мың адам) құрады. Өткен жылы бұл көрсеткіш 7,1%-ға (381,7 мың адам) тең болды (Ұлттық статистика бюросы). Нақтылап айтқанда, NEET санатындағы жастардың ең көп саны: Алматыда - 42,5 мың адам; Түркістан облысында - 34,6 мың адам; Астанада – 26,4 мың адам. Ал, ең аз көрсеткіш Ұлытау облысында - 5,4 мың адам.

Осындай мәселелердің алдын алу керек, өйткені егер де мемлекет бұндай көзқарастағы жастарға көмек бермесе және де ол жұмыс таппаса, ол өзінің проблемасының негізгі қайнар көзі ретінде мемлекетті көру ықтимал, бұл радикалданудың негізге себебі болуы мүмкін. Сондықтан негізгі көңілді жастар арасында дұрыс қндылықтардың қалыптасуына бағытталған шаралар ойластырып, негізгі көңілді жастардың

қндылықтарына бөлген абзал.

Патриотизм, отбасы, толеранттылық, заңды сыйлау, мәдени әр алуандылық, білімділік, еңбекқорлық, спорт және денсаулық, кәсібилік және жаңа экологиялық этика секілді қндылықтарды жастар бойына сіңіру маңызды, өткені осы қндылықтарды бойына толыққанды сіңіре алған азаматтар ғана өз отанына, халқына қиянат жасамай, радикалды жолға түспейді.

Тәрбиелі болашағы бар қоғам қалыптастыру үшін халықтың материалдық және рухани байлығының дамуын, оның білімділігін, мәдениеттілігін, жеке адамдардың имандылық, қайырымдылық, ізгі қарым-қатынастары, саяси саналығы, өмірге бейімділігі мен ынта-жігерін де біртұтас тәрбиенің маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн.

«Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген Платонның сөзі бар. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – қай заманда да ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешілуде. Бүгінгі тәжірибемізде жастарға адамгершілік-рухани қндылықтардың даму жолдарын айқындап беру өзекті мәселе болып отыр.

Қазіргі қоғамда, әсіресе жастар арасында дәстүр мен жаңалықтың арасында тұрған жастардың түсінігі мен тәрбиесін талдау қажет және заман талабына сай идеялармен, тұжырымдармен ыштастырылған білім берілуі қажет.

**А.СЕЙДУЭЛІ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.**

Экстремизмнің зардабы

Экстремизм деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, тәртіпке бағынбау, өз пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы деген ұғымды білдіреді. Экстремизмнің пайда болуы надандыққа, көрсоқырлыққа бейімделген көзқарастардан туындайды, яғни олардың ойы «тек қана менің пікірім дұрыс, өзгенікі бұрыс дегенге саяды. Ал «Радикализм» латынның «radix» «түбір, тамыр» деген сөзінен шыққан. Термин саясатқа қатысты пайда болған. Радикализм – қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси жүйемен келіспей, оны түбірімен қайта құруды ұсынушы саяси топтың көзқарасы. Сондай-ақ, діни радикализм тіркесі өзге де «діни фундаментализм», «діни фанатизм», «діни экстремизм» секілді лаңкестік әрекеттерге қатысты қолданыла бастады.

Экстремизм мен терроризмнің орын алуы адам өмірінің жойылуына, инфрақұрылымның, рухани, мәдени қндылықтардың жойылуына әкеледі. Бұл жағдайда көбінесе жазықсыз, кездейсоқ адамдар құрбан болады. Теориялық актілер адамдардың психикасына зиян келтіреді, оларды қорқытады. Сонымен қатар, терроризм экономикаға, өнеркәсіптік-сауда байланыстарына зиян келтіреді, елдегі жағдайды тұрақсыздандырады.

Экстремизмнің зардабы қоғамға, экономикалық, саяси және мәдени аспектілерге теріс әсер етеді. Оның негізгі зардаптары мыналар:

1. «Әлеуметтік тұрақсыздық»: Экстремистік идеологиялар қоғамдағы бірлік пен келісімді бұзады, түрлі топтар арасында келеңсіздік туғызады.

2. «Құқық бұзушылық»: Экстремистік ұйымдар жиі зорлық-зомбылыққа, терроризмге және заңсыз әрекеттерге барады, бұл құқық қорғау органдарының жұмысына қиындық туғызады.

3. «Экономикалық шығын»: Экстремизмнің әсерінен экономикалық тұрақсыздық, инвестициялардың азаюы, туризмнің төмендеуі сияқты мәселелер туындайды.

4. «Психологиялық зардаптар»: Қоғамда қорқыныш, алаңдаушылық және стрессті тудыратын жағдайлар пайда болады, бұл адамдардың психологиялық денсаулығына әсер етеді.

5. «Мәдениетке зиян»: Экстремистік идеологиялар мәдени әртүрлілікті жоюға, дәстүрлі қндылықтарды бұзуға және қоғамның мәдени дамуында кедергі жасауға бағытталған.

Экстремизммен күресу үшін білім беру, әлеуметтік бағдарламалар және қоғамдық келісім шаралары маңызды. Экстремизм туралы тереңірек түсінік алу үшін бірнеше аспектілерді қарастыруға болады:

1. «Экстремизмнің түрлері»: Экстремизм саяси, діни, әлеуметтік немесе ұлттық негізде болуы мүмкін. Әр түрдің өзіне тән мотивтері мен мақсаттары бар.

2. «Тарихи контекст»: Экстремизмнің пайда болуы және дамуы белгілі бір тарихи, әлеуметтік немесе экономикалық жағдайларға байланысты. Мысалы, соғыс, саяси репрессия немесе экономикалық дағдарыс экстремистік көңіл-күйді күшейтуі мүмкін.

3. «Жастар мен экстремизм»: Жас адамдардың радикализациясы – маңызды мәселе. Олар жиі экстремистік топтарға тартылып, идеологияны қабылдайды. Бұл процесс әлеуметтік медиа мен интернет арқылы жылдамдатылады.

4. «Күресу стратегиялары»: Экстремизммен күресудің түрлі тәсілдері бар, соның ішінде алдын алу бағдарламалары, қоғамдағы диалогты қалыптастыру, білім беру жүйесін нығайту және құқық қорғау органдарының жұмысын жақсарту.

5. «Халықаралық аспектілер»: Экстремизм тек ұлттық деңгейде емес, халықаралық деңгейде де проблема болып табылады. Трансұлттық терроризм, радикализация және миграция мәселелері халықаралық ынтымақтастықты талап етеді.

6. «Зерттеулер мен статистика»: Экстремизмнің таралуы, оның себептері мен салдары туралы зерттеулер жүргізіледі. Бұл мәліметтер саяси шешімдер қабылдауға және алдын алу шараларын әзірлеуге көмектеседі.

Діни экстремизммен сақтанудың тиімді жолдары білім беру, ақпараттандыру, әлеуметтік және құқықтық қолдау, жеке қауіпсіздік шаралары, психологиялық көмек, қоғамдық белсенділік және халықаралық ынтымақтастықты қамтиды. Әлеуметтік және экономикалық жағдайларды жақсарту, экстремистік әрекеттерге қарсы тиімді заңдарды қабылдау және жүзеге асыру арқылы діни экстремизмнің таралуын алдын алуға болады. Білім беру бағдарламаларын дамыту, қоғамдық ақпараттық кампанияларды жүргізу, психологиялық қолдау көрсету және технологиялық құралдарды тиімді пайдалану арқылы радикализацияның алдын алу маңызды.

Тек бірлескен күш-жігер, кешенді тәсілдер және тұрақты жұмыс арқылы ғана діни экстремизмнің әсерін азайтып, қоғамды қауіпсіз әрі тұрақты етуге қол жеткізуге болады. Әрбір азаматтың, қоғамның және халықаралық қауымдастықтың жауапкершілігі – осы күрделі мәселені шешу үшін маңызды қадам болып табылады.

**Б.АБДРАХМАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.**

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2025 жылдың 29 сәуір күні сағат 10:00 де Созақ ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында өтеді.

1. Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

2. «Қазсушар» РМК ТФ Созақ өндірістік бөлімі басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

3. Түркістан облысы «Созақ аудандық мансап орталығы» басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

4. «Түркістан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылық басқармасының «Ветеринария қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ Созақ ауданының филиалы» басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы хабарламасы.

5. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 29 сәуір күні сағат 9:00 де Созақ ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Қазақша күрестен наурыз айының 26-28 жұлдыздары аралығында Астана қаласында ҚР ның балалар арасында өткен «BALA MUQAN» турнирінің жеңімпаздары атанған балғын балуандарымыздың жеңісті жолын жас және жасөспірім біршілеріміз жалғады.

Нақтырақ айтсам, 2025 жылдың 31 наурызы менен 03 сәуірі аралығында тағы да сол елордамызда Гір спортынан жастар менен жасөспірімдер арасында серпе және жұлқа көтеруден ҚР-ның біріншілігі болып өтті.



Гір спортынан ҚР біріншілігі болып өтті

Мұнда да республикамыз бойынша кіл мықтыны анықтайтын дәстүрлі біріншілікке еліміздің әр облыс-аудандарынан білекті батырларымыз жиналды. Жылдағы әдетімен Түркістан облысының намысын арқаалап республикалық чемпионатқа бұл жолы да Созақ аудандық БЖСМ-не қарасты біршілер үйірмесінің жас және жасөспірім біршілеріміз барды. Төрт күнге созылған республикалық біріншілікке өңірлерден 400 ге жуық спортшы барған еді. Сонымен, тарты-

сты өткен чемпионатта жас және жасөспірім біршілеріміз: Жастар арасында Орынбасар Баби 68 келі салмақ дәрежесінде III орынды иеленді. Ал, Ержан Қабылбек жастар арасында 78 кг салмақта III орынға қол жеткізді; Жасөспірімдер арасында Айдын Тауыпалды +95 келіде III орынды, Ерсайын Қоңыратбай 58 кг салмақта II орынды, Өскен Тілеген 63 келі салмақта II орынды, Сырым Құдайберген +78 кг салмақ дәрежесінде II орынды, Айбек Амангелді 53 келіде II орынды және Мағжан Тамабай 58 кг

салмақта; Кіші жасөспірімдер арасында Ерсұлтан Нұрболат III орынды иеленді. Білекті балуандарымызды ел біріншіліне баптаған бапкерлері: Мұрат Серікбаев пен Бақтан Тұрсынбайлар болатын.

Ендеше, білектеріменен бірді де мыңды да жығып жүрген бірші жастарымызға да, бапкерлеріне де барша созақ жұртына да жеңіл жолмен келмеген жеңістері қатты, береклі болсын айтамыз!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Хабарландыру

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚШу-Сарысу провинциясының Буденовское өңіріндегі №5/3 учаскесінде уранды барлау жоспарына» әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы) бекітілсін.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 22 мамыр сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а., ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, БСН 970240000816; Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сығанақ көш, 17/12 құрылым; Жанденов Руслан Канатович, тел. +7 777 879 94 52, r.k.zhandenov@kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «Волковгеология» АҚ; БСН 940740001484; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; тел. 8 (701) 344-09-87.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы <https://ndbecology.gov.kz/> немесе a.erkebaibai@ontustik.gov.kz электрондық пошта арқылы қағаз түрінде бере алады, келесі мекен-жай бойынша: 160023, Түркістан облысы, Түркістан қ., Жаңа қала шағын ауданы, 32.20 көшесі, тел. 8 (72533) 5-98-49.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты және құжаттардың көшірмесімен мына байланыс арқылы танысуға болады: – «Волковгеология» АҚ; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168;

8 701 344 09 87; G_kazibek@mail.ru.

Учаске орталығының географиялық координаттары: 44,46'00"С, 67,48'00"Ш.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>
Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Kiru коды: 123456

Объявление

АО «НАК Казатомпром» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие на «План разведки урана на участке №5/3 месторождения Буденовское в Шу-Сарысуйской провинции» (раздел «Охрана окружающей среды», проект нормативов эмиссий, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды).

Общественные слушания состоятся 22 мая 2025 года в 11:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы, Сельский дом культуры. Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик: АО «НАК Казатомпром», БИН 970240000816; Республика Казахстан, 010000 г. Астана, район «Есиль», ул. Сығанақ, строение 17/12; Жанденов Руслан Канатович, тел. +7 777 879 94 52, r.k.zhandenov@kazatomprom.kz

Разработчик: АО «Волковгеология»; БИН 940740001484; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168; тел. 8 (701) 344-09-87

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронном виде на <https://ndbecology.gov.kz/> или по e-mail: а в бумажной форме по адресу: 160023, Туркестанская область, г. Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20, тел. 8 (72533) 5-98-49.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности и ознакомиться с копией документов – АО «Волковгеология»; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168;

8 701 344 09 87; G_kazibek@mail.ru.

Географические координаты центра участка: 44,46'00"С, 67,48'00"В

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>
Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Бақұл бол, жаным, боздағым!

Ұлым, немерелерімнің әкесі Ғазиз балам көзі тірі болғанда 21 сәуір күні 44 жасқа толар еді. Алланың ісіне, тағдырдың жазуына не шара? Ішімдегі ащы шерімді, қайғымды, мұңымды өлеңмен шығарғым келді. Ұлымның енді қайтып келмейтінін білемін. Бірақ осы өлең шумақтарын жазсам жеңілдеп қалардай боламын. Баяғыда аналарымыз, әжелеріміз жоқтауды не үшін айтқанын түсінгендеймін. Құдай аналарға жоқтау айтқызыбасын! Тек той бастар айтуды нәсіп етсін! Ғазизым жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннаттық болсын!

Ана сағынышы

Неге бұлай сынадың тағдыр мені,
Тұла бойым тұңғышым жарқын еді.
Кеудемнен оқыстан сұм ажал,
Жұлып тұрып әкетті-ау жүрегімді.



Көп еді ғой алға қойған армандарың,
Өзіңмен алып кетті жалған бәрін.
Соңыңнан қалып кетті-ау балаларың,
Боздасып асыл жарың таңдағаның.

Қалайша жүрек жылап сыздамасын,
Кім қисын ерте ажалға өз баласын.
Әрбір сәт маған енді күрең мұңды,
Жаратқан өзің берші бір еміңді.

Қайтара алмаймын ғой жылауменен,
Досқа адал бауырмашып қыраным ең.
Мәңгілік құшағымның орнына,
Көк аспан айналды ма тұрағың кең.

Құлыным сабырлы едің жаның жарқын,
Салмақтым есімізде нұрлы қалпың.
Қазірде дұғамызды қабыл етіп,
Қарап та тұрған шығар көкте бәлкім.

Қырық төрт жасқа келер ең,
Сәуірдің әсем күнінде.
Папалап қалды соңыңда,
Бес қызғалдақ гүлдерің.

Ақ көлік көрсем көшеден,
Көзіме жасым толады.
Есікті ашып жарқырап,
Кеп қалардай болады.

Мезгілсіз қазақ өзегімді өртеп кетті-ау,
Ғазизым жатқан жерің жарық болсын.
Торқа болып топырағың мұздамасын,
Бақұл бол, жаным, боздағым!

Еске алушы анаң: Рахима ОҒАЛБАЙҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SK-ORDA Invest» ЖШС-і 21.05.2025 ж. Созақ ауданы, Тайқоныр ауылы, Демур Мәдениет үйі ғимаратында “Созақ ауданы Қаратау ауылында бұрғылау қалдықтары полигонын салу” жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды:

сағат 11.00 -де – ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша. сағат 12.00 -де - І санаттағы объектілерге қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдары бойынша учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары 377246.505, 5005148.327.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «SK-ORDA Invest» ЖШС, БСН 040440034233

Жобаны әзірлеуші: «AgAgency» ЖШС, эл.пошта g_tastanova@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін-<https://ecportal.kz> және ЖАО “Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалану басқармасы” ММ сайтында танысып өтуге болады.

Қосымша ақпаратты алу үшін телефон 87775023058, электрондық пошта g_tastanova@mail.ru өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы” ММ, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845 Түркістан қ, Жаңақала ш/а, 32-көше, 20, ММ «Түркістан облысы бойынша экология департаменті», Түркістан қ, Жаңақала ш/а, 32 көше, 16 жіберуге болады

Zoom Конференция сілтемесі <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09> конференция Идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО “SK-ORDA Invest”сообщает, что 21.05.2025 г. по адресу: Сузакский район, с.Тайқоныр, в ДК Демурбудут проводиться общественные слушания поПроекту «Строительство полигона буровых отходов в с. Каратау Сузакского района»:

в 11.00 часов - по отчету о возможных воздействиях

В 12.00 часов - по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов I категории

Территория воздействия: с. Тайқоныр Сузакского района географические координаты участка и территории воздействия 377246.505, 5005148.327.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО SK-ORDA Invest, БИН 040440034233.

Разработчик экологической документацииТОО «AgAgency», эл адрес g_tastanova@mail.ru

С материалами, выносимыми на общественные слушания, с протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на портале <https://ecportal.kz> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Дополнительную информацию можно получить по тел 87775023058, эл адрес g_tastanova@mail.ru

Замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания, можно направить ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской», a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845, г. Туркестан, мкр.Жана кала, улица 32,20, ГУ «Департамент экологии по Туркестанской области», г. Туркестан, мкр Жана кала, улица 32, 16.

ссылка на Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596Код доступа: 123456

Хабарландыру

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚШу-Сарысу провинциясының Буденовское кен орнындағы №5/1 учаскесінде уранды барлау жоспарына» әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы) бекітілсін.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 23 мамыр сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а., ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, БСН 970240000816; Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сығанақ көш, 17/12 құрылым; Жанденов Руслан Канатович, тел. +7 777 879 94 52, r.k.zhandenov@kazatomprom.kz.

Әзірлеуші: «Волковгеология» АҚ; БСН 940740001484; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; тел. 8 (701) 344-09-87.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы <https://ndbecology.gov.kz> немесе a.erkebai@ontustik.gov.kz электрондық пошта-сы арқылы қағаз түрінде бере алады, келесі мекен-жай бойынша: 160023, Түркістан облысы, Түркістан қ., Жаңа қала шағын ауданы, 32.20 көшесі, тел.8 (72533) 5-98-49.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты және құжаттардың көшірмесімен мына байланыс арқылы танысуға болады: – «Волковгеология» АҚ; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168;

8 701 344 09 87; G kazibek@mail.ru.

Учаске орталығының географиялық координаттары: 44қ46'00"С, 67қ48'00"Ш.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09> Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Объявление

АО «НАК Казатомпром» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие на «План разведки урана на участке №5/1 месторождения Буденовское в Шу-Сарысуйской провинции» (раздел «Охрана окружающей среды», проект нормативов эмиссий, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды).

Общественные слушания состоятся 23 мая 2025 года в 15:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы, Сельский дом культуры.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик: АО «НАК Казатомпром», БИН 970240000816; РеспубликаКазахстан, 010000 г. Астана, район «Есиль», ул. Сығанақ, строение 17/12; Жанденов Руслан Канатович, тел. +7 777 879 94 52, r.k.zhandenov@kazatomprom.kz

Разработчик: АО «Волковгеология»;БИН 940740001484; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168; тел. 8 (701) 344-09-87

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на <https://ndbecology.gov.kz> или по e-mail: а в бумажной форме по адресу: 160023, Туркестанская область, г. Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20, тел. 8 (72533) 5-98-49.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ndbecology.gov.kz/>и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов – АО «Волковгеология»; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168;

8 701 344 09 87; G kazibek@mail.ru.

Географические координаты центра участка: 44қ46'00"С, 67қ48'00"В

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09> Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Ауыз судың қауіпсіздігі туралы

Көктемгі су тасқыны халық денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Қардың жаппай еруі салдарынан елді мекендерді су басу қаупінің төнуіне байланысты ауыз сумен жабдықтау көздеріне еріген сумен химиялық, органикалық және биологиялық лас заттар түсіп ауыз су сапасы уақытша нашарлауы мүмкін. Далада, өрістерде қар еріп, өзендер мен көлдерде мұздар еріп, жауын-шашын мөлшері арта түскенде судың топырақ арқылы инфильтрациясының күшейіп, ауыз су сапасының нашарлауына алып келуі мүмкін. Ауыз су сапасына қойылатын талаптарды реттейтін санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес, ауыз су эпидемиялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы жағынан зиянсыз және қолайлы органикалық қасиеттерге ие болуы керек. Халық суды орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерінен басқа, эпидемиологиялық тұрғыдан күмәнді болып табылатын орталықтандырылмаған су көздерін де, яғни бұлақтар мен құдықтарды пайдаланады. Су тасқыны кезеңінде құдық суының ластануы көбінесе, құдықтың айналасындағы қоршау тұтастығының бұзылуынан ластанған судың құдыққа ағып түсуінен, сондай-ақ құдықты су басқан кезде орын алады. Бұлақ көздерінің сулары химиялық және микробиологиялық лас-

танудан қорғалмаған. Ауыз судың эпидемиялық тұрғыдан қауіпсіздігі патогендік бактериялардың, вирустардың және қарапайым микроорганизмдердің болмауымен анықталады. Су тасқыны кезеңінде және қар еріген кезде су түрлі қосындылармен, оның ішінде жұқпалы аурулардың қоздырғыштарымен ластануы мүмкін, бұл ең алдымен, іш сүзегі, дизентерия, вирустық этиологияның жіті ішек инфекциясы, А вирустық гепатиті сияқты жұқпалы ауруларға қатысты. Бұл аурулардың алдын алу үшін су тасқыны алдында аула аумағын қоқыстан тазарту, қазылған шұңқырларды тазарту, шөп, қи, отын, құрылыс материалдарын сақтау орындарын ретке келтіру, үйден және шаруашылық құрылыстардан алыс жерде сақтау қажет. Су тасқыны кезеңінде ғана емес, алдын ала, су тасқыны басталғанға дейін мына шараларды қолдану ұсынылады: құдықтарды қақпақтармен жабдықтау; ауыз суды сақтауға арналған ыдыстарды дайындап қою; бұлақ пен құдықтардан алынған ауыз суды қолданар алдында, әсіресе, су тасқыны кезеңінде, оны зарарсыздандыру керек, мысалы, қайнату, жоғары дәрежелі тұрмыстық сүзгілерді қолдану қажет; ішу үшін қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану; жеке гигиенаны сақтау; зертханалық зерттеулердің тиісті нәтижелерін алғанға дейін, тасқын сулармен ластанған су құбыры мен құдық суын ауыз су мақсатында пайдаланбау керек.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының
басшысы.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-Айтыңызшы, ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдерді қашан және қалай алуға болады?

-ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алуға өтінішті БЖЗҚ-ға тапсыру қажет. Өтініш беру тәсілдері: enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағыжеке кабинет арқылы, сондай-ақ БЖЗҚ-ның кез келген бөлім-

шесіне келіп жүзеге асыруға болады.

Барлық жарна түрлері есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

БЖЗҚ сайтында оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған. Сондай-ақ, БЖЗҚ-ның “Төлем құжаттарын алдын ала тексеру” электрондық қызметін пайдалана отырып, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеруге болады.

“БЖЗҚ” АҚ салымшының ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудару туралы уақытылы шешім қабылдауы оған зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және болашақта жоғары төлемдер алуға септігін тигізетіндігін еске салады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қаратауда туылып, Қаратауым деп өмірден өткен филология ғылымдарының кандидаты, жамбылтанушы ғалым, композитор, ауданның Құрметті азаматы Яһуда Амандықовтың 90 жылдығына арналған «Тұлға тағылымы» атты еске алу кеші аудан орталығында орналасқан С. Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи-өлкетану музейінен бастау алып, елдің сүйікті перзентіне музей ішінен арнайы экспозициялық бұрыш ашылды. Әрине, айтулы шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, ізгі тілегін арнады.

«Бүгін біз – ел руханиятына өлшеусіз еңбек сіңірген, халқымыздың асыл перзенті, ғалым, композитор, ұлағатты ұстаз Яһуда Амандықовтың 90 жылдығына арналған еске алу кешіне жиналып отырмыз. Яһуда Амандықов – тек Созақтың ғана емес, тұтас қазақ жұртының мақтанышы. Ол кісі – қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан, Жамбыл Жабаев шығарма-



Созағына кетіпті ертесіне.
Сексен алты деген де оңай емес,
Өзгертеді жоспар мен бағытты да.
Ем қабылдап жатыр екен алып тұлға,
Күн ыстық, күншілік жол қажыт-ты ма?

Созақтағы жекеменшік емхана-ның,
Қос есігі еменнен, айқара ашық.
Әбдіразақ досы өкеуі емен жарқын,
Қауқылдасып жатыр екен қал-жыңдасып.

Кеткен шақтың кемелерін қайы-рыса,
Замандастың бітер ме әзілдері,
Ауылдың әкімі бар, басқасы бар,
Бір тамаша кешке де әзір еді.

Кешегі Сүлейменнің Асқары айт-қан,
Созақтың бұл Яһуда марқасқасы.
Даласынан арадай ән жинаған,

Қаратаудың қадірменді перзенті

шылығын терең зерттеген жамбылтанушы, филология ғылымдарының кандидаты, ел есінде қалған тамаша композитор. Осындай игі шаралар жастарға өнеге, ұрпаққа үлгі, рухани тамырымызды танытар алтын көпір болары сөзсіз», - деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, шараға арнайы жиналған құрметті қонақтар, жақындары мен әріптестері біртуар азамат жайлы естеліктерімен бөлісті. Арнайы келген қонақтарымыз қатарында, Көпжасар Шермағанбетов арнайы баяндама жасаса, жазушы, драматург Айзат Рақыш Яһуда атамиз туралы аудио хабарлама жаса-

уым» атты ән кешінің төрінен мәдениет саласының майталмандары Қайрат Досымбек, Мәдина Сабырова, Яһуда атамиздың келіні Бегімбетова Светлана қазылық етті. Ән байқауында таукенттік Оразхан Рыскелді бас жүлдені иеленсе, созақтық Майусова Гүлсім бірінші орынды, қарақұрлық Айқараева Гүлнара екінші орынды, ақсүмбелік Сембек Бексұлтан мен Ақболат Гүлдана үшінші орынды, ынталандыру жүлдесін аққолтықтық Сембек Мейірім мен бабаталық Түзелбек Құрамыс өзара бөлісті. Мерекелік шара мерекелік дастархан басында жалғасты. Алдымен атамиздың ру-

Астанада Созаққа тіке тарт-тың,
Бабаң жүрген жолдармен, ұлы ізді ала.

Көл көсір ғып ерткендей нөкерде жоқ,
Біз қарсы алдық қасыңда ұлың ғана.
Кәрі Қорқыт қобызындай күңіре-неді,
Сырғи көшкен бұл күнде құмың ғана.

Жиырма бірде мамырдың жиырма төртті,
Туған жердің түрленіп асқақ көркі.

Қаратаудың өріткен қара тасын.

Кітап үйін аралап көріп шықты,
Көкейінде бар ма еді ойлағаны.
Иә, иә ол кезде қу карантин,
Ардақты ұлдың келгенін тойла-мады.

Иә, иә соңғы сапар, жолда соңғы,
Ешкім, ешкім ол жайлы ойламады.
Ұзақ сонар әңгіме болды сол күн,
Ақтарды ақтанғар ұл ойда барды.

Елу жылдың ішінде жолығардай,
Құдай өзі бермеген бетін бұрып.
Сол елудің есесін қайтардық-ау,
Екі күндей қасында еркін жүріп.



ды, Яһуда атамиз туралы Сыздықов Болат, Анарбай Шәдібеков, Қарлығаш Рәмбердиева, Мақсат Қарғабай ән мен жырдан шашу шашса, бала күнгі досы Әбдуәлі Баймағанбетов, ауыл ақсақалы Әжіхан Мұсаев өздерінің жүрекжарды тілектерін арнады. Жоғарыда Болат Сыздықов деп аты аталған азамат осы Созақ ауданында үшінші хатшы болған Сыздықов Мүсәлі деген азаматтың немересі екен. Тағылымды шара аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Қаратауым» атты аудандық ән байқауына ұласты. «Қаратау-

мын» атты ән кешінің төрінен мәдениет саласының майталмандары Қайрат Досымбек, Мәдина Сабырова, Яһуда атамиздың келіні Бегімбетова Светлана қазылық етті. Ән байқауында таукенттік Оразхан Рыскелді бас жүлдені иеленсе, созақтық Майусова Гүлсім бірінші орынды, қарақұрлық Айқараева Гүлнара екінші орынды, ақсүмбелік Сембек Бексұлтан мен Ақболат Гүлдана үшінші орынды, ынталандыру жүлдесін аққолтықтық Сембек Мейірім мен бабаталық Түзелбек Құрамыс өзара бөлісті. Мерекелік шара мерекелік дастархан басында жалғасты. Алдымен атамиздың ру-

ЯҺУДА

Ұшаққа да, мінбестен пойызға да,
Өн бойыңды тартты ма оғыз да-ла.



Яһуда ағам сарытап сайын дала,
Созағына сағынып келген беті.

Кәрі ағашта тұратын құрдасы бар,
Арғында Абдуәлі Баймағанбет.
Кең пейіл ақ көңілмен шақырып-ты,
Қаратаудың бөктерін жайлаған бек.
Ағам барып, сонда қонып дема-лыпты,
Балалықтың бал татыр өлкесіне.
Алыстан ат терлетіп келген ағам,

Сан тарихтың сүзбесі сүзгіленді,
Көп деректер айтылды Созақ жайлы.

Яһуда ол тек әнші, сазгер емес,
Екен ғой қара шешен, сөзі майлы.
Көтерінде арқамнан қағып тұрып,
Алматыға шақырды кеңесуге.
Амал нешік, қу тағдыр жазбады хақ,
Дарынды ұлмен қайыра кездесуге.
Осылайша Қаратаудай әнімен,
Қаратаудай ұл қалды ел есінде!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміш-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманжол КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жа-
йы: 161000, Шолаққорған ау-
ылы, С.Қожанов көшесі 68,
байланыс телефондары 4-15-
30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.